



Қазақстан Республикасының Азиялық Даму Банкіне мүшелігі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1994 жылғы 10 қаңтар N 1496.
Күші жойылды - КР Президентінің 2002.04.26. N 854 жарлығымен. ~U020854

Қазақстан Республикасының Азиялық Даму Банкіне мүшелікке кіруі үшін қаулы етемін:

1. Азиялық Даму банкіне /бұдан әрі "Банк" делінеді/ осы Банк Келісімінің Баптарын, сондай-ақ Банк басқарушылары Кеңесі Қарапларының қағидалары мен шарттарын қабылдай отырып, Қазақстан Республикасының мүше болуы тиімді деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің өзі өкілеттік берген адамға Банк Келісімі Баптарының түп нұсқаларына қол қоюды әрі Қазақстан Республикасының осы ұйымға мүшелігіне қатысы бар құжаттарға Қазақстан Республикасы атынан қол қоюды және оларды ұсынуды жүктеуге хұқы болады деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы үшін Банк Келісімінің баптары

Қазақстан Республикасы осы ұйымға қабылданған күннен бастап күшіне енетін болып белгіленсін.

4. Осы Жарлық жарияланған сәттен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті